

Құрметті Депутаттар!

Жылдың басы әрбір қазақстандық үшін маңызды оқиғаларының бірі 2012 жылғы 27 қаңтарда Президентіміз Қазақстан халқына кезекті «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» Жолдауы болды.

Жолдау экономиканың негізгі секторларының индустриалды-инновациялық дамуына бағытталған, сондай-ақ республика азаматтарының күнделікті өмірінде туындайтын барлық өзекті мәселелерін қамтиды.

Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан халқына Жолдауын, мемлекеттік және салалық даму бағдарламаларын, индустриялық-инновациялық дамудың мониторингін, ақпаратты-статистикалық қамтамасыз ету, мемлекеттік статистика органдарының алдағы кезектегі міндеттерінің бірі болып табылады.

«Мемлекеттік статистика туралы» жаңартылған Заң, статистикалық ақпараттың сапасын жетілдіру мен барлық статистикалық жүйенің әлеуетін жоғарылату мүмкіндігін кеңейтті.

Мемлекеттік статистиканың принциптеріне сәйкес Агенттікпен 2011-2015 жылдарға арналған Стратегиялық жоспар әзірленді, ондағы негізгі бағыт – **ұсынылатын ақпараттың сапасын арттыру.**

Осы стратегиялық бағытқа қол жеткізу үшін негізгі міндеттер анықталды:

Статистикалық әдіснамалар мен құралдарды жетілдіру;

1) Ақпараттық жүйелерді әзірлеу, енгізу және дамыту;

2) Пайдаланушыларды статистикалық ақпаратпен қамтамасыз етуді жақсарту.

Экономиканың барлық салаларын сапалы көрсеткіштермен қамтамасыз ету және статистикалық деректерді өндіруді рационалдау мақсатында, Агенттікпен 2011-2014 жылдарға арналған «2008 Ұлттық шоттар жүйесі» халықаралық стандартын енгізудің жаңа Жоспары әзірленді. Оның аясында өткен жылы 3 әдістеме қайта қаралып (*Тұрмыс деңгейін бағалау бойынша үй шаруашылықтарын байқауын ұйымдастыру жөніндегі әдіснамалық ережелер*) және 6 жаңа әдістеме әзірленді, (*Ұлттық Банкі қызметтерінің есебі, сақтандыру қызметтерінің есебі, қаржы делдалдығы қызметтерін көрсету есебі, екінші деңгейдегі банк қызметтерінің есебі, халық санын болжамдау есебі, күтілетін өмір сүру ұзақтығына өлім-жітім себептерінің жекелеген түрлерінің әсерін есепке алумен өмір сүру кезеңі кестесін есептеу*), сонымен қатар, 6 жаңа статистикалық байқау (*1-КО*) өзара сауда бойынша, (*1-Б жалға беру*) жалға берілетін коммерциялық тұрғын үй бағасы, «Халықтың өмір сапасы» мезгілдік модулі, мүмкіндігі шектеулі тұлғалар бойынша сауалнама, «Еңбек нарығындағы жастар» модулі, «Лайықты еңбек» модуль) және 33 жаңа көрсеткіш (8 - халықтың өмір сүру деңгейін сипаттайтын деректер, 1 - аймақтық деңгейдегі еңбек өндірісі, 1 - Ғаламторға шығуға мүмкіндігі бар ұялы байланысы бар абоненттер саны, 1 - кең жолақты Ғаламтор пайдаланушылар саны, 1 - суармалы жерлердегі ауылшаруашылық дақылдарының жалпы жиыны, 1 - кабельдік және әуе электро желілерінің жалпы ұзақтығы, 1 - орнатылған газды және суды есептейтін құралдардың саны, 1 - табиғатты қорғау қызметінің түрлері бойынша қоршаған ортаны қорғауға ағымдағы шығындар және инвестициялар, 1 - Эфирлі сандық теледидармен аймақтардың қамтылу %, 7 – жалға беру түрлері бойынша коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беру бағасының индексі, 8 – коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға берудің бағалары, 1 – сатып алу қабілеттілігінің тепе-теңдігі бойынша АҚШ долларымен халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ, 1 – аймақтар бөлінісіндегі халықтың санын есептеу) енгізілді.

Респонденттерге жүктемені азайту үшін 2 жаппай байқауды іріктемеліге ауыстыру туралы шешім қабылданды (*көрсетілген қызмет көлемі туралы және жеке кәсіпкерлерді көрсетілген қызмет көлемі туралы байқау*).

«е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйенің одан әрі дамуы үшін 2011 жылдың бірінші жартыжылдығында техникалық ерекшелікпен техникалық тапсырма әзірленді. Ақпаратты жинау, өңдеу және тарату үдерістеріне алдын-ала жобалық зерттеу жүргізілді.

Өткен жылдың екінші жартысында 6 жаңа ақпараттық жүйені құру (*«Әдісдеректер» АЖ, алғашқы статистикалық және әкімшілік ақпаратты өңдеу бойынша АЖ, «Біріктірілген көрсеткіштер» деректер қоры, «Халықтың статистикалық тіркелімі» АЖ, «Интеграциялық құрамдас бөлік» АЖ, «Ішкі Интранет-портал» АЖ*), 2010 жылы құрылған 3 жүйенің дамуы бойынша (*«Деректерді on-line режимінде жинау» АЖ, «Әкімшілік деректер» деректер қоры, «Талдау» АТЖ*) және 3 мұраға алынған ескі жүйені жөндеу (*алғашқы статистикалық деректерді сақтау қоймасы, Статистикалық бизнес жіктелімі АЖ, Тұрғын үй қорының статистикалық жіктелімі АЖ*) жұмыстары орындалды. Олар бойынша алдын-ала сынақтар жүргізіліп тәжірибелік қолдануға енгізілді. Өткен мерзім ішінде мемлекеттік статистика үдерістерін автоматтандыру және оның басқа мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен бірігуі бойынша орасан зор жұмыс атқарылды.

Агенттікпен «е-Статистика» шеңберінде енгізілген басты жаңалықтардың бірі «Деректерді on-line режимінде жинау» ақпараттық жүйесі және «Талдау» АТЖ болып табылады. Біз өткен жылы енгізген «Деректерді on-line режимінде жинау» АЖ, респонденттерге Агенттіктің сайтында Интернетте сандық қол таңба қолдану арқылы, статистикалық нысандарды толтыруға мүмкіндігін береді. Қазіргі кезде респонденттер онлайн режимінде 2 статистикалық нысанды, ал ағымдағы жылдың ортасынан бастап 65 статистикалық нысанын тапсыра алады. Барлық

140 статистикалық нысандарды аталған АЖ-де енгізу 2013 жылдың бірінші жартыжылдығында аяқталады деп жоспарлануда.

Өткен жылдың мамыр айында қолданысқа мүлдем жаңа «Талдау» АТЖ енгізілген болатын. Ол жүйе пайдаланушыларға тегін және де қолайлы кез келген уақытта екі тілдегі үлкен көлемді деректерді ыңғайлы үлгіде тез талдауға мүмкіндік береді.

Ағымдағы уақытта жүйе 600-ден астам статистикалық көрсеткіштермен толықтырылды, а.ж. ортасына қарай көрсеткіштер 2000-ға жуық болады. «Талдау», Интернетке кіруге мүмкіндігі бар пайдаланушылар үшін статистика органдарымен жұмыс жасауға өте ыңғайлы құрал. Қазіргі кезде «Жеке кабинет», «Талдама» және «Автоматтандырылған жаңалықтар» модульдерін қолданысқа енгізу, сондай-ақ статистикалық көрсеткіштерді жүктеу жұмыстарын жүргізу аяқталуда. Бұдан басқа, пайдаланушыларға ақпаратты статистиканың салалары, «негізгі сөздер», жіктеуіштер және де өңірлер бойынша іздеу мүмкіндігі ұсынылған. Сонымен қатар пайдаланушылар үшін жеке компьютеріне ыңғайлы үлгіде деректерді кестелік және графикалық түрде экспорттау мүмкіндігі ұсынылған. Өңірлердің карталары жандандырылды, «Жеке кабинетте» сақтауға және одан әрі редакциялау мүмкіндігімен өздерінің графиктерін және диаграммаларын салу мүмкіндіктері қамтамасыз етілген. Өз кезегінде «жеке кабинет» бұрын салынған кестелермен диаграммалардың және карталардың автоматты түрде жандандырылуын қамтамасыз ететін болады.

«Мемлекеттік статистика туралы» Заңды іске асыру тұрғысында, Агенттік мемлекеттік органдармен әкімшілік есепке алу саласында өзара іс-қимыл бойынша жұмыстарды белсенді жүргізуде.

А.ж. 1 сәуіріне дейін Агенттікпен 12 мемлекеттік органның 1472 әкімшілік есепке алу нысаны келісілді.

Осындай өзара іс-қимылдың нәтижесінде әкімшілік дереккөздермен статистикалық мақсаттар үшін ақпарат алу бойынша жұмыстар ретке келтірілді. Сонымен, Еңбек министрлігінің деректері халықтың орта жан басына шаққандағы номиналды ақшалай табыстарын есептеу үшін, білім министрлігінің деректері – «электронды оқытумен қамтылғандар пайызы» көрсеткішін қалыптастыру үшін, Жер ресурстарын басқару агенттігінің деректері – ҰШЖ 2008 енгізу аясында жердің құнын есептеу үшін өндірістік емес активтердің есепке алу пайдаланылады.

Жүргізіліп жатқан жұмыстардың нәтижесі:

- 1) Түпкілікті ақпараттың есептерін жетілдіру үшін бастапқы дереккөздерден дәйекті ақпарат алу;
- 2) Статистикалық нысандарда тек көрсеткіштердің қайталануын ғана болдырмау емес, сондай-ақ респонденттерге жүктемені азайту үшін сол нысандардың қайталануын болдырмау;
- 3) Барлық дереккөздердің көрсеткіштерін салыстыру болып табылады.

Аталған бағытта Агенттікпен мемлекеттік органдарда бар әкімшілік көрсеткіштердің бірыңғай жіктеуішін құру бойынша жұмыстар басталды. Осы жұмыстың нәтижесінде мемлекеттік органдарда көрсеткіштердің болуы туралы барынша көп ақпаратты, олардың атауын, бөліністілігін және тағы да басқаларын, оны шығаруға жауапты мемлекеттік органға дейінгі мәліметті қоса алуға мүмкіндік болады.

Қазіргі уақытта аталған жіктеуіш келісілген нысандарға және Агенттік пен 5 мемлекеттік органның арасындағы тиісті ақпарат алмасу туралы бекітілген бірлескен бұйрықтарға сәйкес қалыптастырылған. (ҚМ СК, ҚМ КБК, ККМ, ЕХӘҚМ, ІІМ).

Агенттік ККМ-мен бірлесе отырып, мемлекеттік органдардың ақпараттық-талдау жүйелерін бірыңғай әдіснамалық, бағдарламалық-техникалық негіздерін қамтамасыз ету бойынша шаралар кешенін қарастыратын іс-шаралар Жоспарының жобасын әзірледі.

Сонымен бірге, Жоспар «е-Статистика» ИАЖ мемлекеттік органдарда статистикалық ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу, талдау және тарату жүйелерін енгізу үшін пысықтауды, ведомстволық статистикалық байқаулар бойынша деректерді жинау және қалыптастыру статистикалық әдіснамасын және әкімшілік есепке алу әдіснамасын мемлекеттік органдардың бизнес-үдерістерін жалпы статистикалық моделіне сәйкес келтіруді қарастырады.

Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес 2011 жылы 192 жалпы мемлекеттік және 72 ведомстволық статистикалық байқаулар өткізілді және осылар бойынша 432 жұмыстар дайындалды.

Ғылым және инновация статистикасын жетілдіру мақсатында, Агенттік «Ұлттық Инновациялық қор» АҚ-мен бірлесе отырып жұмыс тобын құрды және 2011 жылы әрекет етуші заңнамада және әлемдік тәжірибеде инновацияны анықтау, инновациясы бар кәсіпорындар тізімін анықтау мәселелері қарастырылды.

Жұмыс тобы отырыстарының қорытындылары бойынша Агенттікпен ҚР Үкіметіне инновация статистикасын және елде инновацияны дамытатын мемлекеттік органдардың қызметін дамыту бойынша ұсыныстар жолданды.

Осылайша, Агенттікпен Қазақстан Республикасының «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Заңның түсініктемелік бөлігіне өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар берілді. Нәтижесінде, 2012 жылы қайта қабылданған «Индустриалды-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Заңда «инновация» түсінігі кеңейтіліп, елде инновациялық қызметтің жандануына мүмкіндік берді.

Елде инновацияның дамуы үшін баршаның инновацияны түсінуі және ол туралы білуі маңызды. Сондықтан, аумақтық статистика органдарда, инновацияны енгізумен айналысатын кәсіпорандарда оқыту өткізу ұсынылып, ол ұсыныс қолданыс тапты. «Ұлттық Инновациялық Қор» АҚ және IncoNet ғылыми-техникалық даму бойынша 7-ші Шеңберлік Бағдарламаның Еуропалық қоғамдастығының Ұлттық Үйлестіру Орталығы, сонымен қатар, ҚР Статистика агенттігінің қатысуымен Алматы қаласында оқыту семинары ұйымдастырылды.

ҮИИДМБК шеңберінде, мүдделі мемлекеттік органдарда үлкен сұранысқа ие болған, Қазақстанның индустрияландыру картасына енген

инвестициялық жобалардың жүзеге асырылу жағдайы бойынша ай сайын мониторинг өткізілуде.

Сонымен қатар, 2011 жылғы ақпаннан бастап Үкіметпен бекітілген тізбе бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағаларының апта сайынғы мониторингінің енгізілгендігі туралы айтып кеткім келеді.

Қазақстан Республикасының Кеден Одағына кірумен, кеден декларациясын жою және кеден одағы мүше-мемлекеттерінің сыртқы экономикалық қызмет қатысушыларының сауда келісім-шарттарын ресімдеу процедураларын ықшамдалуына байланысты, Статистика агенттігімен 2011 жылғы шілдеден бастап Қазақстанның Ресей Федерациясы және Беларусь Республикасымен өзара сауда статистикасын құру жұмыстары ұйымдастырылды. Өзара сауда статистикасы мәліметтерін жинақтау мақсатында қағаз жүзіндегі есеп тапсырумен қатар он-лайн режимінде есеп қабылдау қарастырылған.

Кеден одағы Комиссиясының шешіміне сәйкес, елдердің уәкілетті органдары сыртқы айналымның өзара көлемін талдауға және деректерді «айнадай» салыстыруды өткізуге мүмкіндік беретін, КОК Секретариатына өзара сауда бойынша статистикалық ақпаратты жолдайды.

Еңбек статистикасы саласын дамыту, сондай-ақ, ҚР Президентінің 2011 жылғы жолдауы бойынша іс-шараларды жүзеге асыру шеңберінде, Агенттік ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп «жұмыспен қамту 2020» бағдарламасын әзірлеу және келісу жұмыстарын өткізді.

Сонымен қатар, Президент Жолдауы бойынша іс-шараларды жүзеге асыруда «Халықтың тұрмыс сапасы» және «Жастар еңбек нарығында» 2 жаңа біржолғы модульдері әзірленді, оның қорытындысы бойынша 2012 жылы халықтың тұрмыс деңгейін және еңбек нарығындағы жастардың орнын сипаттайтын негізгі параметрлерді бағалау жоспарлануда.

Пайдаланушылармен жұмысты жетілдіру және елдің әлеуметтік саясатын іске асыру мақсатында, Агенттікпен 2011 жылы «Қазақстан Республикасындағы табыстар және тұрғындардың тұрмыс деңгейінің мониторингі» және «Қазақстан Республикасындағы кедейліктің төмендеуіне табыс көздерінің және әлеуметтік бағдарламалардың ықпал етуін талдау» атты 2 талдамалық жұмыс дайындалды.

Өмір сүру деңгейінің статистикасын дамыту, болжамдық есептермен және халықтың жоғарытабысты бөлігінің табыстарын қосып санау тәсілдерін жетілдіру жолы арқылы тәжірибиеге енгізу жоспарлануда.

2009 жылғы санақ бойынша жоспарланған барлық іс-шаралар қорытындысын айрықша атап өтуге болады.

2009 жылғы халық санағы қорытындылары бойынша жарияланымдық материалдарды шығару және дайындау жұмыстары аяқталды:

- Астана, Алматы қалалары және 14 облыстардағы тұрғындарға мінездеме беру деректері кеңінен көрсетілген, жалпы алғанда 2 тілдегі 96 жинақтан тұратын 3 томдық аймақтар жинағы шығарылды;

- 2010 жылы басылмаған санынан 16 сериялық 30 томдық тақырыптық жинағы шығарылды.

Қазақстандағы (ЮНПФА) БҰҰ тұрғын халық фондының техникалық көмегімен «2009 жылғы Қазақстан Республикасы Ұлттық халық санағының қорытындысы» бойынша санақтың жеке көрсеткіштерін талдау қорытындысы ұсынылған Аналитикалық есеп дайындалды. 2011 жылдың 4 тоқсанында ҚР Статистика агенттігі ҚР (ЮНПФА) БҰҰ тұрғын халықтық фондымен бірлесіп ҚР Парламенті депутаттарының, мемлекеттік органдары өкілдерінің және үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен есеп беру презентациясының дөңгелек үстелін өткізді. Берілген ескертулер мен ұсыныстар толығымен пысықталып 2 тілде басылып, сонымен бірге Агенттіктің Интернет-көздерінде 3 тілде жарияланды.

Агенттіктің сайтында «Халық санын болжау әдістемесі бойынша» және «Жаңа халықаралық салыстырмалы әдістеме» әзірленіп, бекітілді және орналастырылды.

Агенттікпен аймақтық бөлінісіндегі халықтың болжамдық саны 2020 жылға дейін есептеліп, Агенттік сайтына орналастырылды.

ЮНФПА және (ЮНИСЕФ) балалар қорының техникалық және қаржылық көмегімен 4 раундты Мульти-индикаторлық кластерін зерттеуді (бұдан әрі - МИКЗ-4) дайындау және өткізу бойынша кешенді жұмыс толығымен аяқталды. 2011 жылғы 3 тоқсанында министрліктер мен ведомстволар, сол секілді халықаралық ұйымдар өкілдерінің қатысуымен МИКЗ-4 қорытындылары бойынша алдын-ала есептің презентациясы өткізілді және МИКЗ-4 нәтижелері бойынша қорытынды есепке дайындық аяқталды. Қазіргі уақытта қорытынды 3 тілдегі есепті тираждау және тарату бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Агенттікпен БҰҰ статистикалық комиссиясының 42 сессиясында айтылған ауыл шаруашылық статистикасының сапасын жақсартудың негізгі стратегиялық бағыттарын жүзеге асыру бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Ауыл шаруашылық статистикасы жұмыс тобымен талқылауға барлық елдермен бақыланатын базалық көрсеткіштер жинағы ұсынылған.

Көрсетілген индикаторлардың талдауы, көптеген базалық элементтер Агенттікпен бақылау қажеттілігін байқатады, жоқ көрсеткіштерді статистикалық байқауларға бірте-бірте қосу жоспарлануда.

Ал 2011 жылдан бастап қалыптастырылған және жарияланған «егістік алқап, жалпы жиын және суармалы жердегі ауыл шаруашылық дақылдардың өнімділігі» көрсеткіштері статистикалық нысанға енгізілген болатын.

2011 жылғы СЕРА халықаралық жіктеушіне негізделген қызмет түрлері мен қоршаған ортаны қорғау шығындары жіктеуішіне сәйкес табиғатты қорғау және қоршаған ортаны қорғау шығындары бойынша статистикалық нысандар қайта қарастырылған және бекітілген. ҰШС экологиялық-экономикалық шотын қалыптастыру үшін алғашқы көрсеткіштерді әзірлеу жоспарлануда.

Қазіргі уақытта Агенттікпен энергетика статистикасы бойынша Халықаралық ұсыныстардың негізгі бөлімдерін аудару жұмыстары жүргізіліп жатыр (IRES 2011) және болашақта 2011 жылдың ақпанында БҰҰ Статистика комиссиясы қабылдаған, халықаралық ұсыныстармен үйлесімдендіру мақсатында энергетика статистикасы көрсеткіштерін қалыптастыруға ұлттық стандарттарды жасау және енгізу жұмыстары жоспарланған (International Recommendations for Energy Statistics 2011).

Баға статистикасына өткен жылы статистикалық тәжірибеге коммерциялық жылжымайтын мүлік бағасының өзгеруі жөнінде жалпымемлекеттік бақылау енгізілген.

Еліміздің әлемнің барлық елдерінің статистикалық қызметтерін біріктіретін халықаралық ірі жобаға қатысуы шеңберінде, қажетті статистикалық ақпаратты дайындау жүзеге асырылды. Бұл – 2011 жылғы деректер бойынша ішкі жалпы өнімнің Халықаралық салыстырмалық бағдарламаның Жаһандық кезеңі.

Осы бағдарламаға 197 ел қатысады, ТМД елдерінің арасынан тек қана Өзбекстан ғана қатыспайды. Бағаларды жинақтау тауарлар мен ақылы қызметтердің 1970 атауы бойынша жүргізіледі.

Қазіргі уақытта Агенттікпен Қазақстанның Дүние жүзілік банкпен біріккен 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық статистика жүйесін нығайту жөніндегі Жобасы толық масштабты түрде жүзеге асырыла бастады.

Бүгінгі күнде бізбен әлеуетті твининг серіктестіктер айқындалды және олармен келісімшарт жасау жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Осы жобаны іске асыру халықаралық әдіснамаға және үздік тәжірибеге сәйкес барлық статистика жүйесінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Ағымдағы жылы Агенттікпен әртүрлі шетелдік ұйымдардың, оның ішінде Азиаттық және Ислам даму банкі, Европалық Одақ, Көші-қон бойынша халықаралық ұйымы, Еңбек халықаралық ұйымы және басқалардың өкілдерімен тәжірибе алмасу, жаңа қарым-қатынастарды орнату мүмкіндіктерін және бар қатынастарды дамытуды талқылау, әртүрлі жобалар, стратегиялар үшін халықаралық ұйымдарға статистикалық ақпаратты ұсыну, Қазақстан Республикасында халықаралық семинарлар, КАЗСТАТ жобасын дайындау шеңберінде Дүниежүзілік банкімен кездесулер өткізу бойынша 30-дан астам жұмыстық кездесулер жүзеге асырылды.

Қазақстан үш жыл қатарынан ТМД елдерінің Статистикалық қызметтері басшыларының кеңесіне төрағалық етуде, бұл шетелдік әріптестер жағынан бізге деген жоғары деңгейдегі сенімділікті айқындайды.

Бүгін, мен үшін, өткен жылдың желтоқсанында халықаралық аудиторлық компаниясымен өткізілген Сапа Менеджменті Жүйесі аудитінің нәтижелерін хабарлау қуанышты, оның қорытындылары бойынша Агенттіктің сапа менеджменті халықаралық стандарт талаптарына сәйкес деп танылды және бізге халықаралық сәйкестік сертификаты тапсырылды.

Өткен жылы ҚР Президентінің «Орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Жарлығына сәйкес 40 орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың арасында кешендік бағалау өткізілген болатын.

Осы бағалаудың нәтижесі бойынша Агенттік орталық мемлекеттік органдар арасында 3-ші және агенттіктер арасында 1-ші орынға ие болды.

«Қадағаланатын салада стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру» мен «Бюджет қаражатын басқару» бағыттары бойынша біздің жұмыс ең жақсы деп бағаланды.

Енді, мен алдағы жылға қойылған кейбір перспективалық мәселелерге тоқталғым келеді.

Агенттік 2011 жылы «е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйенің 1-кезеңін аяқтады. Келесі кезеңде, атап айтқанда, 2012 жылға «Ауыл шаруашылық статистикалық тіркелім» ақпараттық жүйесін әзірлеу және 4 ақпараттық жүйені құруды аяқтау жоспарланған (Алғашқы деректерді сақтау орны - АДСО, Агрегатталған көрсеткіштер деректер қоры, Халықтың статистикалық тіркелімі, Әкімшілік ақпарат деректер қоры).

«Деректерді он-лайн режимінде жинау» АЖ жетілдіру шеңберінде 2013 жылдан бастап он-лайн режимінде қабылдау жүргізілетін тағы 55 статистикалық нысандар 2012 жылы енгізіледі.

Сонымен қатар, Агенттіктің АЖ-н ҚРАШМ, ҚР ІІМ КРСиОПП, ҚР БҒМ, ҚР ҰҚК сол секілді Астана қаласы әкімдігімен статистикалық ақпаратты жылдам тапсыру бөлігінде интеграциясы жоспарланған.

ҚР Статистика агенттігі Елбасының жыл сайынғы жолдауына сәйкес және елмен дүниежүзінде болып жатқан басқа да әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді ескере отырып, статистикалық құралдарды дамыту және әдістемелік тәсілдерді жетілдіру бойынша жұмыстарын үнемі жүргізіп отырады.

Сонымен 2012 жылға арналған Статистикалық жұмыстар жоспарында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды орта білім

саласында қолдану бойынша зерттеу қарастырылған, бұл бізге елдегі ақпараттық қоғамның дамуына қосымша ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Ағымдағы жылда статистика органымен жүкті тасымалдау бойынша көліктік қызмет көрсететін дара кәсіпкерлікті зерттеу сауалнамасын әзірлеу жоспарлануда. Осы зерттеу қорытындысы бойынша 2013 жылы көліктік қызмет саласындағы жеке кәсіпкерлік қызметінің көлемі бойынша ақпарат алынатын болады.

Осы жылдың Елбасының Жолдауында белгіленген басымды бағыттардың бірі қол жетімді баспана бойынша мәселені шешу болып табылады. Нарықтағы баспана бағасын сапалы мониторингілеу үшін, сонымен қатар баспана нарығының бағаларын зерттеудегі халықаралық тәсілдерді статистикалық тәжірибеге енгізу мақсатында, баспана бағасының индексіні түзу әдістемесі әзірленетін болады және әр түрлі ақпараттық ағындардың деректер базасында эксперименттік есептер жүргізіледі.

Жолдаудың бірінші «Қазақстандықтарды жұмыспен қамту» бағыты бойынша Агенттікпен «Жұмыспен қамту 2020» бағдарламасының көрсеткіштерін өз уақытында статистикалық сүйемелдеуді, сонымен қатар «Жұмыспен қамту 2020» бағдарламасының орындалуы туралы мәліметтерді «ҚР әлеуметтік-экономикалық дамуы» баяндамасында жариялауды қамтамасыз етеді.

Биылғы Жолдауда басты назар қазақстандықтардың тұрмыс сапасына, оның ішінде баспананың қолжетімділігіне, зейнетақылық жүйені жетілдіруге, туризмнің қолжетімді болуына және дамуына, халықтың ақпараттық технологияларды меңгеруіне, халыққа мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жоғарылатуға және т.б. бағытталған. Қойылған міндеттерді мониторингілеу үшін Агенттікпен а.ж. келесі жылға тұрмыс деңгейі статистикасы бойынша статистикалық нысандарға «Халықтың

тұрмыс сапасы» үй шаруашылығы тексерулері модуліне өзгертулер мен толықтыруларды енгізу жоспарлануда.

Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің тапсырмасы бойынша «Қылмыс деңгейі және оның қорытындыларын бекіту» 2012 жылғы халықты әлеуметтік-статистикалық байқауға дайындық жұмыстары шеңберінде сұрауларды қалыптастыру және әдістемелік материалдарды мүдделі мемлекеттік органдар ұсыныстары мен ескертулерін ескеру және тексерудің өзін жүргізу тұр.

«е-Статистика» жобасы шеңберінде Тұрғын үй қоры тіркелімін жүргізу үшін (ТҮҚТ) ақпараттық жүйені жетілдіру жоспарланды. Аталған тұрғын үйлер мен пәтерлер тіркелімін жаңғыртудың негізгі көзі ЖМТ МДҚ болып табылады. Сонымен қатар, осы бағытта жүйенің тәжірбиелі пайдалануына халықтың статистикалық тіркелімін, ҰБТ деректер базасы негізінде халықтың статистикалық тіркелімін жаңғырту мақсатында БҒМ өзара әрекеттерін іске асыру ҰҚК «Бүркіт» АЖ деректері бойынша ХСТ ерекшеліктерін көкейтестендіру, сол секілді ІІМ ақпараттық өзара әрекетін жүзеге асыруды енгізу жоспарлануда.

Қазақстанның статистика органдары үшін V Астаналық экономикалық форум шеңберіндегі панелді сессияның өткізілуі маңызды оқиға болып отыр.

Аталған іс-шарада статистиктердің жаһандану және әлемдік қаржылық дағдарыс жағдайындағы жаһандық, өңірлік және ұлттық деңгейдегі мәселелерімен байланысты кең ауқымды сұрақтары талқыланатын болады. Сессияның ең басты бағыттарының бірі құралдардың және жаһандандыруды өлшеу үшін дәйекті деректердің бар болуы және оның ұлттық экономикаға әсер етуі болып табылады.

Назарларыңызға рахмет!